

Ауданда жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі шаралар өткізу туралы

Күшін жойған

Жуалы аудандық әкімиятының 2003 жылдың 30 маусымдағы N 82 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 4 тамызында 1044 нөмерімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 339 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 28.09.2015 № 339 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы " Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" N 2347 қаулысын орындау, халықтық және мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәдениеті мен хабардарлығын жоғарылату мақсатында, Қазақстан Республикасыны 2001 жылғы 23 қаңтар " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-11 Заңын негізге ала отырып аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаларға сәйкес құқықтық насихат пен жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру - әдістемелік кеңесінің құрамы және оның ережесі бекітілсін.

2. Аудан әкімі аппараты жанынан мемлекеттік қызметкерлерге арналған құқықтық білім мектебі ашылсын.

3. Аудан әкімі аппаратының заңгері (Ж. Тойшыбеков) аудандық құқық қорғау орындарымен бірлесе отырып тыңдаушылар контингентін белгілеп, сабақтардың оқыту-тақырыптың жоспарын әзірлесін.

4. Аудан әкімінің аппараты осы қаулыда белгіленген тәртіппен жалпыға бірдей құқықтық оқу өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

5. Осы қаулымен құрылған үйлестіру - әдістемелік кеңесінің дербес құрамы бекіту аудандық маслихатқа ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Аманбековке жүктелсін.

Аудан Әкімі

Е. Үсенбаев

Аудан әкімиятының
2003 жылғы 30 маусымдағы
"Ауданда жалпыға бірдей
құқықтық оқу жөніндегі шаралар
өткізу туралы"
N 82 қаулысымен бекітілген

Аудан әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесінің құрамы

Аманбеков аудан әкімінің орынбасары,
Естемес кеңес төрағасы
Тойшыбеков аудан әкімі аппаратының
Жандос Мырзайымұлы заңгері, кеңес хатшысы

Кеңес мүшелері:

Әбдеков аудан прокуроры
Мәулен Мәмбетұлы (келісімі бойынша)
Нұрлықұлов аудандық сот төрағасы
Ғалымжан Қансейтұлы (келісімі бойынша)
Ысқақов аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы
Рахымжан Жораханұлы (келісімі бойынша)
Айсенова аудан әкімі білім
Кұлшат Аймұхамедқызы басқармасының төрайымы
Байжұманов аудандық әскери комиссары
Нияз Қазақбайұлы (келісімі бойынша)
Құндызбекова аудандық салық
Гүлмира Дәрменқызы комитетінің төрайымы
(келісімі бойынша)
Мәтенев аудандық "Жаңа өмір"
Мейірбек газетінің бас редакторы

Аудан әкімиятының
2003 жылғы 30 маусымдағы
"Ауданда жалпыға бірдей
құқықтық оқу жөніндегі шаралар
өткізу туралы" N 82 қаулысымен
бекітілген

Аудан әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесі туралы ереже 1.

Жалпы ережелер:

- 1) Аудан әкімі жанындағы құқықтық насихат және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі мәтін бойынша Кеңес) мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің құқықтық насихат жөніндегі жұмыстарын үйлестіруші консультативтік-кеңесші орган болып табылады.
- 2) Кеңес аудан әкімі жанынан құрылады.

3) Кеңес қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы ережеге сәйкес реттеледі.

2. Кеңес қызметінің мақсаттары мен міндеттері:

1) Кеңес қызметінің мақсаттары:

аудан әкімі аппараты қызметкерлерінің, аудандық ұйымдар басшыларының және азаматтардың құқықтық білім деңгейін жоғарылату;

тұрғындардың құқықтық мәдениетін жоғарылату;

мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің құқықтық тәрбие жұмыстарын үйлестіру;

еңбек қатынасында, шарт жасасу және ондағы міндеттемелерді орындауда қолданыстағы заңнамалардың дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелердің заң қызметі, кадрлар бөлімі қызметкерлерін құқықтық оқыту.

2) Кеңестің міндеттері:

Кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, мекемелердегі құқықтық тәрбие жұмысы және құқықтық насихаттың жағдайын зерделеу және олардың нәтижесі бойынша тиісті ұсынымдар әзірлеу;

оң тәжірибелерді тарату, құқықтық тәрбие жұмысының әдістемелік құралдарын дайындау, кәсіби-құқықтық дайындық және құқықтық тәрбиенің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

3. Кеңес қызметінің түрлері:

Құқықтық білім "күндерін", "он күндігін", "айлығын" өткізу, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен оқу және еңбек ұжымдарында құқықтық тақырыпқа арналған кездесулер ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық білімді насихаттау.

4. Кеңес жұмысын ұйымдастыру:

1) Кеңес құрамы аудан әкімиятының қаулысымен үш жылға бекітіледі. Кеңесте төраға, хатшы және мүшелер болады.

2) Кеңес отырысы қажетіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір реттен өткізіледі. Кеңес отырысына оның құрамының 3-тен 2-сі қатысса құқылы деп саналады.

3) Мәжіліс қорытындылары бойынша хаттама жасалады, онда қатысушылардың саны, күн тәртібі, мәжіліс барысы мен қабылданған шешімдер көрсетіледі.

4) Кеңес осы ережемен белгіленген шектерде, өз жұмысына құқық қорғау, сондай-ақ ведомстволық қарасты кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелердің басқа қызметкерлерін тартуға және оларға шешімдердің, жоспарлы іс-шаралардың атқарылуы жөнінде тапсырмалар беруге құқылы.

Аудан әкімиятының

2003 жылғы 30 маусымдағы

"Ауданда жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі шаралар өткізу туралы"

№ 82 қаулысының

Келісілген парағы:

Аудандық ішкі істер Ысқаков Рахымжан бөлімінің бастығы

Аудан прокуроры Абдеков Мәулен

Аудандық сот төрағасы Нұрлықұлов Ғалымжан

Аудандық әскери комисары Байжуманов Нияз

Аудан бойынша салық

Комитетінің төрайымы Құндызбекова Гулмира